



Раушан ӘБДІҚҰЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің доценті, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



ЖЕТІС БЕС ЖЫЛ САҚТАЛҒАН КҮНДЕЛІК

Менің өз әкемнің дүниеден өткеніне де он жылға жуықтады. Кейде ауылға барғанда әкемді сағынып, суреттерін қараймын, қара дипломатын ақтарамын. Бұрында «дипломат» аталатын қол сөмке ұстау сән болатын. Сол дипломатына жеке құжаттарын, өзіне ұнаған газет қиындыларын және өзінің қолжазбаларын ұқыптап, жинап жүретін. Ауылда зейнетке шыққанша тарих пәнінен сабақ бере жүріп те, одан кейін де ауылдың әралуан әлеуметтік-экономикалық мәселелерін көтеріп, республикалық газеттерге үзбей мақала жазып тұрды.

Мақалаларында елге еңбегі сіңген азаматтарды, ел қорғаны болған батырларды, соғыс ардагерлерін де жас ұрпаққа үлгі-өнеге етіп жазған еді. Ұлт әдебиеті, халық тарихы оны өмір бойы қызықтырды. Ел аузындағы ешкім естімеген шежіре-аңыздарды жинақтап, газет бетіне жариялайтын да әдеті бар-ды. Қажет болған жағдайларда әкім-қаралардың алдына барып, өзінің емес, ауылдың мәселесін асқан әдептілікпен жеткізе алатын сөзге шешендігі де, қоғамшыл батылдығы да бар еді. Соның нәтижесінде, ондаған жыл бойы жыртығы жамалмаған ауылға кіретін күре жол жөнделіп, ауыл, көше атаулары өзгертіліп, жаңа уақыт талабына сай келбет иеленді. Еңбегі елеусіз қалған жоқ, әкем Мәми Әбдіқұлұлы Шу ауданының құрметті азаматы атанды, ҚЖО мүшесі де болатын.

Сол аяулы әкемнің қол сөмкесінде сақталып қалған 300-ге тарта жарияланымдарын сағына ақтарып, қайтара оқып отырғанымда, сарғайып, жұлымданған қолжазбаға көзім түсті. О баста әжептеуір қомақты күнделік болғанын мерзімдерінен аңғаруға болады. Оқи жөнелдім. Орысша жазылған Ұлы Отан соғысы майдангерінің күнделігі! Сезгенім, әкем бұл күнделікті тауып алған да, жазып-жариялап үлгермей өмірден озған... Не деген өкінішті, одан бері де оншақты жыл өтіпті. Ауылда қалған інім көрді ме, көрмеді ме, шаруақор оған не кіне?.. Мен де жұмысбастымын, қаладан анда-санда

ғана ат ізін саламын. Қойшы, жерден жеті қоян тапқандай болдым десем қателессермін! Біресе қуандым, біресе жыладым. Әрі кімге не дерімді білмеймін, бала шағымда ауыл балаларымен соғыс ойынын ойнайтын, әкем әкеп беретін он сан соғыс туралы кітаптарды оқығанда, соғыс туралы кинолар көргенде, аталарымның соғыс жайлы әңгімелерін тындағанда, әкемнің соғыста хабарсыз кеткен туыс-бауырларын жоқтағанда еңіреп қосыла жылайтын менің осы сәттегі көңіл-күйімді ешкім түсіне алмас. Сонау «Ұлы Отан соғысы аталған» қан майданнан жеті жыл дегенде елге аман оралған қазақ сарбазы, майдангер атам, аяулы әкем ғана емес, өзім де көзін көрген, тізесіне отырғызып, басымнан талай сипап, мейірлене қарайтын ауылдың ардақты ақсақалы атанған Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақсу ауылының түлегі Сатар Ысқақовтың 75 жыл сақталған майдангер күнделігі!.. Бүгін менің қолымда!.. Еріксіз көзімнен жас төгілді. Көлемі осы күнгі үлкен жалпы дәптердей ұзынша, бастапқы беттері мен соңғы беттері жоғалған, сарғайып, тозығы жеткенмен, қалған ортаңғы беттері әжептеуір көлемді, бірақ жырымдалған. Алайда, зиялы офицердің көк сиялы автоқаламмен қалыпқа салғандай әсем жазуы айқын оқылады. Шаруақор ініммен қоштасып, Алматыға жедел жүріп кеттім.

Үйге жеткен соң, күнделік иесі майдангер Сатар Ысқақов туралы мектеп қабырғасында

Азамат **НҰРЛЫБАЙ,**
журналист